

"Қазақстан Республикасында таратылатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке алу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 шілдедегі № 843 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 тамыздағы № 1098 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 8 сәуірдегі № 199 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.04.2022 № 199 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 4-2-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасында таратылатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке алу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 шілдедегі № 843 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., № 25, 265-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасында таратылатын шетелдік мерзімді баспа басылымдарын есепке алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында таратылатын шетелдік мерзімді баспа басылымдарын есепке алуды жүзеге асыру қағидалары бекітілсін. ";

2-тармақ алынып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында таратылатын шетелдік мерзімді баспа басылымдарын есепке алу ережесі осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

2012 жылғы 28 тамыздағы
№ 1098 қаулысына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 29 шілдедегі
№ 843 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасында таратылатын шетелдік мерзімді баспа басылымдарын есепке алуды жүзеге асыру қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының талаптарына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының ақпараттық кеңістігінің жай-күйін дұрыс әрі уақтылы талдау мақсатында Қазақстан Республикасында таратылатын шетелдік мерзімді баспа басылымдарын есепке алуды жүзеге асыру тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті орган – бұқаралық ақпарат құралдары саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган (бұдан әрі – уәкілетті орган);

2) жергілікті атқарушы орган – облыс, республикалық маңызы бар қала және астана әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган;

3) шетелдік мерзімді баспа басылымы – Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде басылатын және тұрақты атауы, ағымдық нөмірі бар, кемінде үш айда бір рет шығарылатын газет, журнал, альманах, бюллетень, олардың қосымшасы;

4) таратушы – шетелдік мерзімді баспа басылымдарын меншік иесімен, шығарушысымен шарт бойынша немесе өзге де заңды негіздерде Қазақстан Республикасының аумағында таратуды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға (филиал немесе өкілдік);

5) Қазақстан Республикасында таратылатын шетелдік мерзімді баспа басылымдарын есепке алу туралы анықтама – таратушыға жергілікті атқарушы орган беретін және таратушы анықтаған аумақта таратылатын шетелдік мерзімді баспа басылымдары атауларының тізбесін растайтын құжат (бұдан әрі – анықтама).

3. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында (бұдан әрі – Қазақстан Республикасының аумағы) таратылатын шетелдік мерзімді баспа басылымдарын есепке алуды жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

4. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспа басылымдарын есепке алудың бірыңғай тізілімін жүргізеді.

5. Жергілікті атқарушы орган тоқсан сайын, есептік тоқсаннан кейінгі айдың 5 (бесінші) күнінен кешіктірмей, таратушы өтініште көрсеткен мәліметтерді Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспа басылымдарын есепке алудың бірыңғай тізіліміне енгізу үшін уәкілетті органға жіберіп тұрады.

2. Қазақстан Республикасында таратылатын шетелдік мерзімді баспа басылымдарын есепке алуды жүзеге асыру тәртібі

6. Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспа басылымдарын есепке алу үшін таратушы жергілікті атқарушы органға мынадай құжаттарды тапсырады:

- 1) осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес өтініш;
- 2) жеке тұлға үшін – кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқығын растайтын құжаттың көшірмесі;
- 3) заңды тұлға үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігінің көшірмесі;
- филиал мен өкілдіктер үшін – филиал мен өкілдікті есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі.

7. Өтініш жергілікті атқарушы органда тіркелген күнінен бастап он жұмыс күні ішінде қаралады.

8. Ұсынылған құжаттар осы Қағидалардың талаптарына сәйкес болған жағдайда жергілікті атқарушы орган осы Қағидалардың 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепке алу журналына жазба енгізу арқылы Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспа басылымдарын есепке қояды.

9. Өтінішті қарау қорытындылары бойынша таратушыға осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес анықтама беріледі не мынадай негіздемелер бойынша бас тартады:

- 1) осы Қағидалардың 6-тармағында көзделген барлық қажетті құжат ұсынылмаса;
- 2) өтініште толық немесе дұрыс ақпарат көрсетілмесе;
- 3) таратушыға қатысты қызметтің осы түрімен айналысуға тыйым салатын сот шешімі болса;
- 4) шетелдік мерзімді баспа басылымдары өніміне қатысты оларды Қазақстан Республикасының аумағында таратуға тыйым салу туралы сот шешімі болса.

10. Анықтаманы жоғалтып немесе бүлдіріп алған жағдайда өтініш берушіге еркін нысандағы жазбаша өтініш беру арқылы жергілікті атқарушы органда тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні мерзімі ішінде, оң жақтағы жоғарғы бұрышында "Телнұсқа" деген жазуы бар жаңа нөмір берілген анықтаманың телнұсқасы беріледі.

11. Анықтама алынған күнінен бастап бір жыл ішінде жарамды. Егер осы Қағидалардың 1-қосымшасында көрсетілген таратушыға немесе таратылатын шетелдік мерзімді баспа басылымдарына қатысты мәліметтер берілген анықтаманың қолданылу уақытында өзгерсе, осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы орган таратушының жазбаша үндеу бойынша жаңа анықтаманы алу туралы өтінішін қарастырады.

12. Анықтаманың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы орган таратушының өтініші бойынша жаңа анықтаманы береді.

Қазақстан Республикасында
таратылатын шетелдік мерзімді
баспа басылымдарын есепке
алу қағидаларына
1-қосымша

(өтініш тіркелелетін
органның атауы және мекенжайы)

**Қазақстан Республикасында таратылатын шетелдік мерзімді баспа басылымдарын
есепке алу туралы
өтініш**

Сізден Қазақстан Республикасында таратылатын шетелдік мерзімді баспа басылымдарын есепке алуыңызды сұраймын.

Таратушының деректері:

(ұйымдастыру-құқықтық түрін көрсетумен жеке кәсіпкердің/заңды
тұлғаның атауы)

(ЖИН/БИН, СТН, тіркелген құжатының нөмірі және берілген күні)

(тіркелген орны, нақты мекенжайы, байланыс телефондары,

электрондық поштасы)

P/c №	Шетелдік мерзімді баспа басылымдары атауының тізбесі	Шетелдік мерзімді баспа басылымдарының таралу аумағы	Таратылатын шетелдік мерзімді баспа басылымдарының тілі (тілдері)	Негізгі тақырыптық бағыттығы	Мерзімділік	Таратылатын даналарының болжамды саны
1.						
2.						

Қосымша: 1. _____

2. _____

бірінші басшының/жеке кәсіпкердің қолы

МО 20__ ж. " __ " _____

Қазақстан Республикасында таратылатын шетелдік мерзімді баспа басылымдарын есепке алу қағидаларына
2-қосымша

Есепке алу журналы

P/c №	Тіркелген күні	Анықтама нөмірі	Таратушының атауы және оның ұйымдастыру-құқықтық нысаны	Анықтаманың қолданылу мерзімі	Толтыруға жауапты жергілікті атқарушы орган қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты және қолы
1	2	3	4	5	6

Қазақстан Республикасында таратылатын шетелдік мерзімді баспа басылымдарын есепке алу қағидаларына
3-қосымша

(таратушыға анықтама берілген жергілікті атқарушы органның атауы)

Қазақстан Республикасында таратылатын шетелдік мерзімді баспа басылымдарын есепке алу туралы анықтама

№ _____ 20__ ж. " __ " _____

(тіркеу нөмірі)

Осы анықтама "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес _____ берілген

(таратушының атауы және оның ұйымдастыру-құқықтық нысаны)

және шетелдік мерзімді баспа басылымдарын 20__ ж. " __ " _____ бастап есепке алынғанын растайды.

Шетелдік мерзімді баспа басылымдары атауының толық тізбесі:

1. _____

2. _____

3. _____

4. және т.б.

Шетелдік мерзімді баспа басылымдарының таралу аумағы:

Осы анықтама 20__ ж. " __ " _____ дейін жарамды.

Орган басшысы қолы

МО 20__ ж. " __ " _____